


Келісілді
Сандықтау ауданы
білім бөлімінің
басшысы

 Кайрмденов Ж.Ж

Бекітілді
педагогикалық кеңестің
төрайымы
 Дулат Айнагуль
06.01.2023ж.
№3 хаттама

**«Ақмола облысы білім басқармасының
Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі
Балкашин ауылының № 1 жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ
мектепалды дайындық сыныбының
2022-2023 оқу жылына
арналған оқу жұмыс жоспары**

**Рабочий учебный план
класса дошкольной подготовки
КГУ «Общеобразовательная школа №1
села Балкашино
отдела образования по Сандыктаускому району
управления образования Акмолинской области »
на 2022-2023 учебный год**

Түсіндірме жазба

Мектепалды даярлық 5 жастан бастап отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» ҚР Заңының 30-бабы). Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- мектепте оқу үшін қажетті дағдыларды жетілдіру (жауапкершілік, ықыластылық, дербестік, ынталық);

- ұжымдық қызметте бірлесіп әрекет ету дағдыларын тәрбиелеу (кұрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);

- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;

- баланың мектепке деген эмоционалды-позитивті көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында білім беру үрдісін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету:

Білім беру ұйымдары өз қызметінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы.
2. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы.
3. Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;
4. «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары;
5. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;
6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен;
7. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-II Қазақстан Республикасының Заңы (26.06.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.

Мектепалды даярлық сыныбында оқыту қазақ тілінде (9 оқушы), орыс тілінде оқыту (11 оқушы) аптасына 20 сағат оқу жүктемесімен бес күндік режимде орыс тілінде жүргізіледі. Сабақтың ұзақтығы 30 минут.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:


- физикалық даму;
- қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
- танымдық және интеллектуалдық дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларды, зерттеу қызметін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Физикалық даму, балалардағы коммуникативті, танымдық, интеллектуалдық, шығармашылық дағдыларды, зерттеу қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру келесі ұйымдастырылған әрекеттерді біріктіру арқылы жүзеге асырылады:


- 1) дене шынықтыру (ЕБҚ бар оқушылар үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) тіл дамыту;
- 3) көркем әдебиет;
- 4) сауаттылық негіздері;
- 5) қазақ тілі (топтарда, оқытудың басқа тілімен);
- 6) математика негіздері;
- 7) құрастыру;
- 8) қоршаған ортамен танысу;
- 9) сурет салу;
- 10) мүсіндеу;
- 11) аппликация;
- 12) музыка.

Жалпы оқу жүктемесі аптасына 20 сағатты құрайды.

Келісілді
Сандықтау ауданы
білім бөлімінің
басшысы

 Кайрмденов Ж.Ж

Бекітілді
педагогикалық кеңестің
төрайымы

 Дулат Айнагуль

06.01.2023ж.

№3 хаттама

Мектептің мектепалды дайындық сыныбы үшін
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
(5 жастағы балалар)

№ п/п	* Ұйымдастырылған қызмет / Балалар қызметі	Аптасына өткізу мерзімділігі	Нормативтік жүктеме аптасына
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Тіл дамыту		2 сағат
	Коммуникативтік қызмет	күн сайын	
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Коммуникативтік қызмет	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Коммуникативті, танымдық қызметі	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық, зерттеу қызметі	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
	Зерттеу, танымдық, коммуникативті, еңбек қызметі	күн сайын	
6	Сурет		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Апликация		
	Құрастыру		
	Шығармашылық, бейнелеу өнері	күн сайын	
7	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	
8		-	20

Ескерту:


* Ұйымдастырылған қызмет - Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру үшін педагог күні бойы балалар қызметінің әртүрлі түрлері (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ойын нысанында ұйымдастырған интеграцияланған сабақ № 499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) нормативтік құқықтық актілерді (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама), оның ішінде балаларға қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, отбасылық құндылықтарды, патриоттық сезімді, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға баулу жөніндегі міндеттерді, мектепке дейінгі ұйым жұмысының бағытын ескере отырып, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Күні бойы мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында мұғалімге балалармен бірге үлгілік бағдарламада айқындалған сөздік минимумын, тәрбиеленушілердің әр түрлі балалар іс-әрекетінде ауызша үйлесімді сөйлеуін дамытуды, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен танысуды, белсенді сөздікті байытуды, сөйлеу нормаларын, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруді зерделеу ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттауға, импровизацияға, музыкалық-ырғақты қозғалыстарға, балалардың шулы аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

Келісілді
Сандықтау ауданы
білім бөлімінің
басшысы

 Кайрмденов Ж.Ж

Бекітілді
педагогикалық кеңестің
төрайымы
 Дулат Айнагуль
06.01.2023ж.
№3 хаттама

Мектептің мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс- әрекет/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		

7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	
8		-	20

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.